

- 9 Малявкин А.Г. Танские хроники о государствах Центральной Азии. – Новосибирск: Наука, 1989. – 432 с.
- 10 Якубовский А.Ю. Развалины Ургенча // ГАИМК. – 1930. – Т. VI. – Выпуск II. – С. 73-78.
- 11 Волин С.Л., Ромаскевич А.А., Якубовский А.Ю. Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т. 1: 7-15 вв.: арабские и персидские источники. – Москва: Изд-во Акад. наук СССР, 1939. – 612 с.
- 12 Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. – Ашхабад: Ылым, 1969. – 297 с.
- 13 Камолиддинов Ш.С., Илхамов З.А. Источники по средневековой истории Средней Азии. – Ташкент, 2018. – 81 с.
- 14 Виноградов А.В. Тысячелетия, погребенные пустыней. – Москва: Просвещение, 1966. – 190 с.
- 15 Айдогдыев М. Средневековые письменные источники о древнем Ургенче. – Ашхабад, 2000. – 52 с.

Материал поступил в редакцию журнала 01.07.2025

XҒТАР 16.21.41

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss3pp23-34](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp23-34)

**К.А. Батырбекова<sup>1</sup>, С.Р. Боранбаев<sup>1</sup>, М.Е. Әлімбаев<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, 160011, Қазақстан

### **«БАЙТАРТУ’Л-ВАЗИХ» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШ ТІЛІНДЕГІ ЖАЛПЫТҮРКІЛІК ЛЕКСИКАНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ**

*Мақала ортағасырдағы қыпшақ тілінде жазылған «Байтарту’л-Вазих» жазба ескерткішіндегі жалпытүркілік лексиканы талдауға арналған. Жәдігерлік тілін зерттеу арқылы түркі тілдері арасындағы туыстық байланыстарды анықтауға болады.*

*Мақаланың негізгі мақсаты – «Байтарту’л-Вазих» жазба ескерткішіндегі жалпытүркілік лексиканы ажыратып, олардың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын тілдік тұрғыдан анықтап, қазіргі қазақ тіліндегі қолданысының мәнін ашу. Зерттеуде жалпытүркілік лексиканың тарихи даму процесін, түркі тілдерімен генетикалық байланысын, анықтау көзделеді. Жазба ескерткіште кездесетін жалпытүркілік лексика түркі тілдерінің ортақ негізін, тілдік құрылымдарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттеу үшін құнды мәліметтер береді. «Байтарту’л-Вазих» жазба ескерткішіндегі жалпытүркілік лексиканы анықтау және оларың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын ажырату түркология ғылымы үшін өзекті мәселелердің бірі.*

*Жалпы зерттеу барысында «Байтарту’л-Вазих» ескерткішіндегі жалпытүркілік лексикаға талдау жасай отырып тарихи және мәдени мұраны жаңаша көзқараспен зерделеуге мүмкіндік туады. Сонымен қатар мақала түркітану саласындағы тілдік зерттеулерді тереңдетуге және ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерінің тілдік мұрасын толық түсінуге үлес қосады.*

*«Байтарту’л-Вазих» жазба ескерткіші тілін зерттеу барысында әртүрлі сипаттағы жалпытүркілік лексикаға лингвистикалық талдау жасалынды. Жазба ескерткіш тілінің қазақ тіліне жақындығы нақты тілдік деректермен дәлелденіп, ортағасырлық қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілінің лексика-семантикалық ұқсастықтары жан-жақты анықталады.*

*Кілт сөздер: Байтарту’л-Вазих, түркі тілдері, лексика, семантика, жалпытүркілік лексика, ортағасыр, мәмлүк-қыпшақ тілі.*

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Түркі тілдері әлемдегі ең көне және бай тілдік топтардың бірі болып табылады. Жалпы түркілік лексиканы зерттеу түркі тілдеріндегі сөздердің фоно-лексикалық өзгерістер мен сөз құрылымдарының дамуын түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар мұндай ғылыми мақалалар түркі халықтарының мәдениетін тереңірек тануға, олардың әлемдік мәдениетке қосқан үлесін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нысанына алынған «Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткіші мәмлүк-қыпшақтарының өмірінен сыр шертетін тарихи жазба ескерткіштің бірі. Ескерткіш тілінен ортағасырдағы түркілердің тұрмыс-тіршілігінен, таным-түсінігінен мәлімет беретін түрлі ақпараттарды байқаймыз. «Бұл жазба ескерткіш сол дәуірдегі мәдени қарым-қатынастарды және түркі тілдерінің дамуын зерттеуде құнды дереккөз болып табылады.

Мәмлүк-қыпшақ тілі – Мәмлүк мемлекетінде (1250–1517 жж.) қыпшақтардың және басқа түркі тілді халықтардың араласуынан пайда болған тіл. Бұл тіл мәмлүк дәуіріндегі әскери, әкімшілік, әдеби, лексикографиялық және діни шығармаларда қолданылған. Мәмлүк қыпшақ тілі қыпшақ тілдерінің бір тармағына жатады және оның лексикасы мен грамматикалық құрылымы қазіргі қазақ тілдерімен ортақ ерекшеліктерге ие.

«Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткіші қазақ тіл білімі мен түркология ғылымында зерттеу нысаны ретінде соңғы жылдары ғана назарға алынып, оның ғылыми тұрғыдан кешенді түрде зерделенуі бастау алды. Ескерткіштің тілдік және тарихи маңызы әлі толық ашылмағандықтан, оны жан-жақты зерттеу өзекті болып отыр. Ескерткіштің лингвистикалық және тарихи-мәдени маңыздылығы ғылыми тұрғыдан жаңаша пайымдаулар мен тың зерттеулер жүргізуді талап етеді.

## КІРІСПЕ

Қазақ және жалпы түркі тілдері мен мәдениеті үшін «Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткіші тарихи және тілдік маңызға ие ерекше шығармалардың бірі. Бұл ескерткіш ортағасырдағы түркілердің тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі, кәсібі мен мәдениеттінен ақпарат беретін құнды лингвистикалық дереккөз. Жазба ескерткіш атты баптау, күту, оның аураулары мен оны емдеудің әдіс-тәсілдеріне арналған еңбек. Ескерткіш тіліндегі жалпытүркілік лексиканың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын зерттеуге арналған бұл мақала түркология ғылымы үшін ерекше маңызға ие. Зерттеу тарихи-салыстырмалы әдіске сүйеніп, түркі тілдерінің дамуы мен олардың лексика-семантикалық байланыстарын тереңірек ашуға бағытталған.

Жалпытүркілік лексика – бұл барлық түркі тілдерінің сөздік қорында кездесетін, шығу тегі бір сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтығы. Оны зерттеу арқылы түркі тілдерінің генетикалық байланысын, туыстығын, олардың тамырлас екендігіне көз жеткіземіз. Өйткені, қазіргі түркі тілдері бір кездері көнетүркілік ататілден тарағандығы белгілі.

«Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткішінде кездесетін лексикалық тілдік бірліктер түркі халықтарының ортақ тарихи негізін және олардың генетикалық байланысты көрсетеді. Ескерткіш тілінде қолданылған бір буынды сөздер жүз – جوز, бір – بیر, екі – یکی, мың – مین, ат – ات, тіс – سن, тіл – تیل, бұл – بول, ол – ول, іш – يش, т.б. жалпы түркі тілдері арасындағы туыстық байланысты анықтауға көмектеседі. Мұндай лексикалық бірліктер түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеу үшін аса құнды ақпарат көзі. Жалпытүркілік лексиканы қарастыру арқылы тілдің даму тарихымен бірге түркі халықтарының рухани, әлеуметтік және экономикалық өмірінің негіздерін де түсінеміз.

Жалпытүркілік лексика түркі тілдерінің даму тарихында тамыры бір ортақ тілдік қабаттан шыққан сөздерден тұрады және түркі тілдерінің бірлескен тарихи дамуының нәтижесі болып табылады. Ортағасырлық жазба ескерткіш тілі мен қазіргі қазақ тілі арасындағы байланысты, туыстықты салыстыра зерттегенде, ең алдымен дыбыстық өзгерістерге жүгінетініміз заңды. Уақыт өте келе тілдің әртүрлі өзгерістерге ұшырайтыны

белгілі. Әйтсе де жазба ескерткіш тіліндегі көне түркілік элементтерді бойына сақтаған кейбір сөздер қазіргі түркі тілдерінде кездесіп жатады. Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткіші тілін зерттей келе, мағынасы да, тұлғасы да толық сәйкес келетін, иә болмаса аз кем фонетикалық айырмашылығы бар, бірақ мағынасында ауытқуы жоқ ортақ сөздердің жиі кездесетінін байқадық.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Зерттеу барысында әртүрлі түркітанушы ғалымдардың еңбектері негізге алынды. Ортағасырлық қыпшақ тілінің ерекшеліктерін зерттеген ғалымдардың еңбектерін қарастыру, ортағасырдағы түркі тілі мен қазіргі қазақ тілінің лексика-семантикалық байланысын анықтауға мүмкіндік туғызады. Зерттеу мақсатына жету үшін Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М. Томанов «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» [1], Ә. Құрышжанов «Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря» [2], Bodroglieți A. The Medical Terminology in the Kitāb baytarat al-vāzih, a Fourteenth Century Mamluk-Kipchak Treatise on Veterinary Medicine. [3], А.Салқынбай «Генетика-семантикалық кодты негіздеуші этимон түбірлер» [4], «Түркі тілдеріндегі генетика-семантикалық код» [5], М.Сабырдың «Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтасығы» (XIV жазба ескерткіштері негізінде) [6] мен «Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы» [7], Ағар М. Е. «Baytaratu'l-vazih» [8], Öztörçü K. «Kısa Memlûk Kırşakçası Grameri!» [9] еңбектерін пайдаландық. Зерттеу жұмысының негізгі материалы «Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткіші. Жазба ескерткіште кездесетін жалпытүркілік лексиканы тарихи-салыстырмалы зерттеу мақсатында «Көне түркі сөздігі (ДТС)», М. Қашқаридың «Түрік сөздігі», «Абай тілі сөздігі», «Қазақ тілінің сөздігі», «Фразеологиялық сөздік», «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» қолданылды.

Зерттеу барысында теориялық, тұжырым жасау, семантикалық тілдік талдау, салыстырмалы-тарихи талдау, синхрондық, диахрондық зертеу әдістері қолданылды. Семантикалық тілдік талдау әдісі – «Байтарту'л-Вазих» ескерткішіндегі сөздерді семантикалық тұрғыдан талдау. Бұл әдіс арқылы жалпытүркілік лексиканың негізгі ерекшеліктері мен сөздердің мағынасының өзгеру динамикасы зерттеледі. Салыстырмалы-тарихи әдіс – түркі тілдеріндегі сөздердің тарихи дамуын, олардың өзара байланысын және өзгерістерін зерттеу. «Байтарту'л-Вазих» ескерткішіндегі лексикалық бірліктерді басқа түркі тілдеріндегі сөздермен салыстыру арқылы олардың тарихи және тілдік тамырларын анықтау. Зерттеу барысында диахрондық және синхрондық зерттеулер жүргізілді. «Байтарту'л-Вазих» ескерткіші тіліндегі лексикалық бірліктердің зерттелуі диахрондық және синхрондық тұрғыдан маңызды. Мұндай зерттеулер ескерткіштің тілін, оның лексикасын және әртүрлі тарихи кезеңдердегі тілдік өзгерістерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Диахрондық зерттеу тілдің тарихи дамуын қарастырады.

## НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеу барысында «Байрату'л-Вазих» жазба ескерткішіндегі және қазіргі қазақ тіліндегі жалпытүркілік лексиканың лексика-семантикалық сабақтастығы айқындалды. Зерттеу нәтижелері «Байрату'л-Вазих» жазба ескерткішіндегі жалпытүркілік лексика фонетикалық тұрғыдан кейбір өзгешеліктерге ұшыраса да, олардың мағынасы мен түпкі мәні түркі тілдерінде бірдей сақталған. Әсіресе мұндай жағдай ескерткіш тіліндегі бір буынды сөздерде көбірек байқалады. Мысалы, ат – ات, ата – انا, ана – انا, сөз – سوز, бір – بير, екі – يكي, бұл – بول, тіс – تيس, қыс – قيس, т.б. Ескерткіш тіліндегі мұндай сөздер түркі тілдері мен қазіргі қазақ тілінде көне дәуірден бері күні бүгінге дейін ешқандай өзгерістерге ұшырамай тілдік қолданыстарымызда қолданылып жүргендігі байқалады. Зерттеу нәтижесінде ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілінде тұлғалық та, мағыналық та жағынан толық сәйкес келетін сөздер тобы бар екендігі дәлелденді. Сонымен қатар, бұл сөздер қазіргі қазақ

тілімізде қолданылып жүрген мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестерге ұйытқы болып, тіліміздің құнарлығын арттырып жүрген бірліктер. Зерттеу нәтижелері «Байрату'л-Вазих» ескерткішіндегі көне түркі сөздерінің қазіргі қазақ тіліндегі сәйкестігін көрсету арқылы түркі тілдерінің генетикалық туыстығын айқыналды.

Түркі тілдерінің туыстығы туралы зерттеулер ғылыми тұрғыда бірнеше ғасырлар бойы жүргізіліп келеді. Түркі тілдерінің туыстығының бастауы, негізінен, осы тілдердің тарихи дамуына, олардың ортақ лексикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне, сондай-ақ этнолингвистикалық байланыстарына негізделген.

Түркілік қабат түркі тілдерінің барлық тармақтарына тән, яғни барлық түркі тілдерінде кездесетін сөздер мен лексикалық бірліктерді білдіреді. Бұл сөздер түркі тілдерінің ортақ тарихынан, этнолингвистикалық байланыстарынан және мәдени дамуынан туындаған. Ортағасырлық жазба ескерткіштер тілін зерттеу, қазақ тілінің жалпы көне түркілік тарихпен сабақтастығын дәлелдеуге мүмкіндік туғызады. Ғалым М. Сабыр орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығын зерттей келе: «...қазіргі қазақ тілінің байырғы сөздік қоры ұлт тарихымен, жалпытүркілік тарихпен сабақтаса қалыптасты. Қазақ тілінің лексикасы қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен, одан әрі жалпы түркі тілдерімен толық не ішінара лексика ортақтығымен ерекшеленеді. Қазақ жұрты жеке ұлт болып қалыптасқанға дейін түркі халықтарының ортақ арналарымен жүріп өтті. Қазақ тілі лексикасы жалпы түркілік қабатпен өрістейді. Оның негізгі, сөздік құрамы, фоно-морфологиялық құрылысы ежелгі түркі тілінен бастау алады» [6, 88] деген пікір айтады. Ғалым ортағасырлық ескерткіштер лексикасы мен қазіргі қазақ тілі лексикасының ұқсастықтарын, диахрондық тұрғыдан байланысын, ортақтықтары мен айырмашылықтарын саралай келе, ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тіл сабақтастығын анықтайды. М. Сабырдың зерттеуінше ортағасырлық жазба ескерткіштер мен қазіргі қазақ тілінде ешқандай мағыналық та тұлғалық та өзгеріске түспеген *ат, ай, ана, алма, арқа, ел, жан, көз* т.б. зат есімдерді, *ала, арық, ұзақ, қызыл, қара* т.б. сын есімдерді, *төрт, алты, он, тоқсан сияқты* сан есімдерді, *ал, ем, кет, ойна* т.б. етістіктерді, *ең, аз*, т.б. үстеулерді, *анда, мұнда, ол, мен, сен* сынды есімдіктерді, *ара, арт, аст* т.б. көмекші есімдерді кездестіруге болады [6, 88-96].

Түркі тілдеріне жалпытүркілік сөздер көбіне бір буынды сөздерден тұрады дедік. Олардың мағынасы бір-бірімен ұқсас болғанымен, жеке түркі тілдерінде айтылуы жағынан фонетикалық өзгерістерге түсіп жататыны белгілі. Фонетикалық өзгерістер әрбір түркі тілінің дыбыстық жүйесіндегі өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Мысалы, осындай сөздердің қатарына қазақ тіліндегі *тіс* сөзін жатқызсақ, ол сөз өзбек тілінде – *тиш*, татар тілінде – *теш*, ұйғыр тілінде – *тиш*, тува тілінде – *диш* болып айтылғанымен бұл сөз барлық тілдерде негізгі мағынасын сақтап қалған. Байқап қарасақ бір ғана тіс сөзі түркі тілдерінде сөз басында *т/д*, сөз ортасында *і/и/е*, сөз аяғында *ш/с* алмасуылары мен берілген. Десе де бұл сөз фонетикалық өзгешелігі болғанымен мағыналық тұрғыдан еш өзгеріске ұшырамаған.

Қазіргі қазақ тілінің лексикалық құрамының шығу тарихын зерделесек, даму үдерісінде тілдің талай арналарды басып өткенін байқаймыз. Соның ішінде ең негізгі арна көнетүркілік лексикадан бастау алатыны белгілі. Қазақ тілінің өзге түркі тектес тілдер сияқты байырға төл сөзі, негізгі сөздік қоры көне түркілік кезеңмен тікелей байланысты. Сондықтан да түркі тілдеріне ортақ түбірлердің болуы заңды. Қазіргі түркі тілдерінің негізгі сөздік қоры талай ғасырдың жемісі. Сонау тарих қойнауында бір тілдің сөздік қорында болған сөздер бертін келе туыстас тілдерге бөлініп, олардан жеке-жеке тілдер қалыптасқаны белгілі. Түркі тілдерінде бұрынғы ортақ түбірлердің сақталып қалуы, өздерінің генетикалық туыстық жақындықтарын дәлелдейді. Қазақ тілінің лексикасының қалыптасуына қазақтың байырғы төл сөздерімен қатар басқа сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған көптеген туынды сөздер, уақыт өте келе көнерген сөздер мен архаизмдер, халықтық сипатқа еніп кеткен кірме сөздер де кіреді.

Мамлук-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер өте маңызды тарихи және мәдени құндылықтарға ие. Бұл жазбалар Египет пен Сирия жерінде қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштерден тұрады. Мамлук кезеңі – бұл Египет пен Сириядағы қыпшақтар мен түркілердің үлкен ықпал еткен дәуірі болатын, өйткені мамлук мемлекетінің билеушілері

негізінен түркі тілдес халықтардың өкілдерінен болған. Мамлук-қыпшақ тіліндегі жазбалар түркі тілдері мен олардың дамуы туралы маңызды ақпарат береді. Бұл жазбалар арқылы біз қыпшақ тілінің грамматикасын, лексикасын және фонетикасын зерттей аламыз.

Ортағасыр кезеңіндегі жазбалар сол дәуірдегі саяси, мәдени және әлеуметтік жағдайларды сипаттайды. Қыпшақтардың билікке келгеннен кейінгі олардың қоғамдағы орны, сонымен қатар халықтың жалпы сол кезеңдегі күнделікті өмірі туралы мәліметтерді осы жазбалардан алуға болады. Мамлук-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер өз заманының мәдениетіне, тарихына және тілдік дамуына аса маңызды үлес қосады. Олар түркі тілдерінің араб мәдениетімен байланысын, мамлук билеушілерінің Египет пен Сириядағы ықпалын және сол кезеңдегі әлеуметтік, экономикалық жағдайларды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

## ТАЛҚЫЛАУ

Мамлук-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер тілі мен қазіргі қазақ тілі арасында түп тамырлық тектестік байқалады. «Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткішінен жалпытүркілік лексикаларды жиі кездестіреміз. Қыпшақ тілдерін зерттеген ғалым Ә. Құрышжанов «Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря» атты еңбегінде қазіргі қыпшақ тілдеріне тән тілдік белгілер көп екендігін атап өтеді. «Язык словаря мало чем отличается от лексического богатства общетюркских слов. В нем достаточно примеров, которые находят себе аналогичные формы как древнетюркских и средневековых (в частности, средневековых) памятниках, так как и в современных кыпчакских языках» дей келе, «...язык словаря почти сливается с общим лексическим богатством всех (средних и новых) кыпчакских языков» деген пікір айтады [2, 68]. Ортағасырлық қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіш тілдерінің қазіргі қыпшақ тілдерімен генетикалық байланысын С.Е. Малов, Н.А. Баскаков, т.б. ғалымдар өз зерттеулерінде қарастырған. Ортағасыр қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштерді тілдік зерттеген ғалым М. Сабыр «Бұл кезеңдегі мұралардың тілінде оғыз, қыпшақ, ұйғыр элементтері мидай араласып жатыр және олар диалектілік белгілер ғана. Олардың лексикасындағы ортақтықтар 60-70 пайыз болса, айырмашылықтар көлемі 20-30 пайыздан аспайды» деген пікір білдіреді [6, 7]. Олай болса, мамлук-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткіші тілін қазіргі қазақ тілімен сабақтастыра қарастыру өзекті мәселе болып саналады.

«The *Baytarat al-vāzih* (the Easily Understood Book of Farriery), a hippologica work, was a product of 14<sup>th</sup> century Egypt. At the time of its writing, a hundred years had already elapsed since the Mamluks had seized power from the hands of their Ayyubid masters. These Mamluks, mainly Kipchak and Circassian slaves who had been employed as royal body guards, proved themselves strong rulers, excellent organizers, and successful 'statesmen» It was under their rule that the majority of the Arab people were united in a solid-state formation and that Arabic-Islamic culture achieved its greatest surge [3, 1]. Өз кезегінде бұл жазба ескерткіш ортағасырда араб еліндегі мамлук билігі тұсында жазылған түркі халықтарының мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін бірегей тарихи және лексикалық мұра болып табылады. «Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткіші, негізінен, атбегілік өнеріне, ат сынына, сондай-ақ жылқы малының аурулары мен оларды емдеуге арналған жазба ескерткіш. Бұл жазба ескерткіште аттың сыртқы келбетін бағалау және ат сынына қатысты да кеңінен мәліметтер берілген. Мәтіннің алғашқы бөлігінде жылқы малының адамзат өміріндегі маңызды орны туралы айтылған. Жылқылардың «жақсы», «жаман» қасиеттері сараланып, оның адамзат өміріндегі маңыздылығы айқын ашылады. Сонымен қатар жылқы малында болатын аурулар мен оларды емдеудің этнотәсілі жайлы ақпараттар аламыз. Ескерткіш тілінде ең бірінші жақсы атты таңдай білудің маңызы зор екендігі айтылып, оның дене бітімінің қандай болу керектігі баяндалады. Жалпы айтқанда жылқытану тақырыбын қамтыған бұл жазба ескерткіш жылқы түлігінің анатомиялық

ерекшелігін баяндай отырып, жылқы сыны жайлы мағлұмат береді. Сондай-ақ ескерткіш арқылы көшпенділердің ат баптау тәжірбиесімен танысамыз.

«Байрату'л-вазих» жазба ескерткішінде де жалпытүркілік лексикаға жататын сөздер көптеп кездеседі дедік. Мысалы, ат – *أَت*, жұлдыз – *يولدوز*, кісі – *کیشي*, сөз – *سوز*, күш – *کوش*, күн – *کون*, тіс – *تیس*, көз – *کون*, бұт – *بوت*, жүз – *جوز*, аяқ – *ایاق*, бас – *باس*, тіс – *تیس*, тіл – *تیل*, сияқты зат есімдер *جوز مين* – жүз мың, *یکی* – екі сияқты сан есімдер, жаман – *جامان*, жақсы – *جاقسی*, күшті – *کوشتی*, ұзын – *وزون*, қысқа – *قیسقا*, аз – *از*, т.б. сын есімдер, бұл (бұ) – *ول-بول*, кім – *کیم*, т.б. есімдіктер, іші – *یشي*, арасы – *اراسي*, арты – *ارتی* сынды көмекші есімдер жаз – *جاز* т.б. етістіктердің кездесуі арқылы ортағасырлық мамлұк-қыпшақ тілінің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын байқаймыз. Жоғарыда келтірілген сөздердің кейбірі қазіргі қазақ тілінде дәл сол тұлғалық қалпында қолданылса, кейбірі аз кем фонеткалық өзгешеліктері болғанымен мағынасында еш өзгерісі жоқ екендігін байқауымызға болады.

«Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткіш тілінде «*ات*» ат сөзі үш түрлі мағынада қолданылады. Мысалы, 1) *ات* (ат) жануар атауы заттық мағынада; 2) *ات* (ат) ат адамның аты; 3) *ات* атпақ етістік тұлғасында. Ескерткіш жылқы малына арналған ветеринариялық еңбек болғандықтан да көбіне бұл сөздің бірінші мағынасы жиі қолданылады. *At* – қазақ тілінде төрт түлік малдың бірі. Әр түрлі шаруашылық жұмыстарға жегілетін еркек жылқы. Оның міндеті жұмысқа жегілу, мінілу, бәйге, жарыс, жорық. Ат – түркі тілдеріне ортақ бір буынды сөз. Мысалы башқұрт, қазақ, қарайым, қарақалпақ, қырғыз, құмық, ноғай, татар, түрік, ұйғыр т.б. түркі тілдерінде, көне және орта ғасырлық жазба ескерткіштерде ешқандай фонетикалық, тұлғалық, мағыналық өзгеріске түспеген күйі қолданылады. Бұл сөздің «Көне түркі сөздігінен» (ДТС) бірнеше мағынасын кездестіреміз. «*At* 1. имя. *ādib ahmād atim* имя мое Адиб Ахмед; титул звание *ēki oylīma jabūi at bertim* двум моим сыновьям я дал титулы ябгу и шад; название наименование *anuy baši soıyudīm ap aq turur anuy üčün anuy atī muz day turur* от холода вершина ее (горы) вся белая, поэтому ее название – Ледяная гора; 2. *At* 1. лошадь, конь; *antaı uluy ölüg barıu tüšti kim jüklämakkä keltürmäkkä keltürmäkkä at qayatır ud azlıq boldi* столь много досталось добычи, что погрузить ее и првезти не хватало лошадей, мулов и быков. 3. *Āt* имя, название: *bu ċurni āti amrta* название этого порошка – амрта; 2. стрелять *ja qurup oq alip adnaya isig özintä adirtim ... ęrsär* я ...натянув лук, выстрелил и лишил кого-то жизни. 4. *Āt* бится: Биться (о сердце) *köñili ātar* сердце его забьется» [8, 69-71]. М. Қашқаридің «Диуани луғат-ат түрік» сөздігінде екі мағынасы берілген. (жылқы және есіь) «1) АТ: (қатты дауысталатын «*ا* – әріппен айтылады»). *قوش قننن ار ائن* Құш kanatym er атын: Құш қанатын ер атын – Құс қанатымен, ер атымен» [10, 63]. «2) Ат – есім, атау, лақаб ат, атақ. *بک أنکار آت بیردی* Beg aңar at berdi: Бег аңар ат берді – Бек оған ат, атақ берді. Тайпаның ірілерін немесе басшыларын *اتلغ* Атлығ: Атлығы - атты» дейтіні сондықтан» [10,108]. М. Қашқаридің сөздігінде кездесетін жылқы мағынасында қолданылғанда *at* сөзіндегі «а» дауысты дыбысы «алиф» таңбасы арқылы беріледі (ат), ал оның созылыңқы түрі екі таңбамен жазылады (аат). «А» әріпін созылыңқы айту (ا ا ث) арқылы *at* сөзі «ат, есім, атау, лақаб, атақ» деген мағынаны береді. «А» дыбысының созылыңқы айтылу ерекшелігі қазіргі түркі тілдерінің арасында қырғыз, түркімен, тува, хакас және саха тілдерінде кездеседі. Ә. Құрышжановтың «Исследование по лексике старокипчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря» атты еңбегінде *at* сөзі заттық мағынада ғана беріледі. Мысалы, «*At* «*اط*» – лошадь, конь: *at кішінер* лошадь ржет; *at кішінеді* лошадь ржала; *at қашынды* лошадь испускала мочу; *мінгіл бу атны* садись на этого коня» [2, 87].

Қазақ тілінде «ат» сөзі жылқының жалпы атауы болып табылады. Түркілер танымында аттың орны ерекше, ол тек көлік құралы ғана емес, сонымен қатар адамның серігі, өмірдің бір бөлігі болып табылады. Сондықтан да жылқы малын ерекше бағалап, күнделікті тұрмыс тіршілігінде сипаттап, оны тіліндегі түрлі тұрақты тіркестер мен лексикалық бірліктерінде айшықтап береді. Мысалы: *at тізгінін ұстау*, *at төбеліндей*, *at бойы*, *at тонын ала қашу*, *атқан оғы айнымау*, *at құйрығын шарт түю*, *at құлағында ойнау*, *at байлады*, *at басына күн туды*, *at басына соқты*, *at басындай алтын*, *at басын тартты*, *at басын тіреді*, *at бойы*, *at жақты*, *at жалын құшты*, *at кекілін кесісті* т.б. Бұл мысалдар арқылы қазақ

халқының жылқыға деген ерекше құрметін және тіршілігіндегі рөлін байқаймыз. Осы сөздің тіркесуімен ұлттық ойын атаулары да қалыптасқан. Мысалы, *ат жарыстыру, жорға жарыстыру, қыз қуу, көкпар тарту, бәйге, аударыспақ, ат үстінде садақ тарту (жамбы ату), теңге ілу, ат үстіндегі тартыс, ат омырауластыру, атты ордан қарғыту, жорға жарыс, тай жарыс, құнан жарыс* т.б. Бұдан халқымыз ежелден-ақ жиын-тойлар мен ойын-сауықтарда ат үстінде сан алуан өнер көрсеткенін бағамдаймыз. Сонымен қатар атқа қатысты салт-дәстүрлер мен жол жоралғылар да аз емес. Мысалы, *ат майы, айғырдың жалын майлау, аттұмар, сыйлы қонаққа ат мінгізу, күйеу жігіттің қалыңдық алуға алғаш барғанда ат байлауы* бар. Бұдан халқымыздың атқа міну мәдениетінің бастауларын аңғарамыз. Ал *атқамінер, атқосшы, атиабар* т.б. лауазым атауларын жылқының қазақ халқының шаруашылығында ғана емес, әлеуметтік өмірінде де үлкен мәнге ие болғандығының айғағы.

«قدم» аяқ – адамның, жан-жануарлардың дене мүшесі. Түркі тілдерінде ортақ сөз. Мысалы, татар, башқұрт, қарақалпақ тілдерінде **аяқ**, ноғай, қарайым тілдерінде – **айак**. Байқап қарасақ мағынасында да тұлғасында да еш өзгеріс жоқ. Алайда көне, орта ғасырлық жазба ескерткіштерде бұл сөз «Көне түркі сөздігінде» (ДТС) аяқ сөзі **azaq** II нога тұлғасында берілген [8, 78]. М. Қашқардың сөздігінде **азық адзык** (азық, адзык) аяқ [9, 91]; **азак адзак** (азак, адзак) аяқ [9, 93]; **ајак** (айак) аяқ, кесе [9, 114] тұлғасында берілген. Фонетикалық тұрғыдан қазіргі түркі тілдеріндегі **й** дыбысы көне орта ғасырларда **з** дыбысымен берілген. Демек, **зй** алмасуы болған. Ә.Құрышжанұлының «Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря» еңбегінде: «**айак** (ایاق) ноги: ең аяқтары **передние ноги** (лошади); **қыч аяқтары** задние ноги (лошади); **сач аяғы** ножки треножника; **чырак айнағы** подсвечник» [2, 79]. Қазіргі қазақ тілінде мағынасы кеңейген. Мысалы, «Аяқ. 1. Адам мен жан-жануарлардың жүру-тұру қызметін атқаратын дене мүшесі. 2. Орындық, кереует сияқты заттардың тірек таянышы. 3. Ауыс. Аяққа киген киім. Аяғы жаман терді былған (Мақал). 4. Бір нәрсенің соңғы жағы. Қызмет-ғы, оқу жылының -ғы, сөз -ғы». 5. Ауыс. Бір нәрсенің нәтижесі, қорытындысы. Тұмау аяғы – құрт, Тұман аяғы – жұт. (Мақал) [11, 61]. Қазіргі қазақ тілінде аяқ сөзінің тіркесуімен болуымен *аяқ киім, аяқ бау, аяқ құр, аяқ машина, аяқ шені, аяғы аспаннан келді, аяғы аспаннан салбырап түскен жоқ, аяғы ауыр, аяғына бас ұрды, аяғына жем түсті, аяғына жығылды, аяғынан алды, аяғынан жайылды, аяғынан тік тұрғызды, аяғынан тозды, аяғын аңдап басты, аяғына тұсау болды, аяғына тұсау түсті, аяғын жерге тигізбеді, аяғының желі бар, аяғының ұшынан басты* т.б. сөз тіркестері қалыптасқан.

«Байрату’л-Вазих» жазба ескерткіші мен қазіргі қазақ тілінде мағыналық тұрғыдан өзгешелігі жоқ, фонетикалық тұрғыдан аз, кем айырмашылығы бар сөздер де жиі кездесіп отырады. Сондай сөздің бірі жүз сөзі. Бұл сөз ескерткіш тілі мен көне, ортағасырлық жазба ескерткіштер тілінде сөз басында **и/ж** дыбыстарының алмасуымен беріледі. Мысалы, «Көне түркі сөздігінде»: «**Jüz** I 1. Лицо, лик: anïñ jüzi aūdï ego лицо побледнело. 2. *перен. улыбатъся* (о счастье) qamıuqa jaraşur bu qut urşa jüz всем нравится, когда улыбається счастье. **Jüz** II 1 сто: jeti jüz bolıtı ыбло семсот [человек]. **Jüz** III 1 ушное заболевание qulaqı jüz usuz küčsüz bolur ego уши станут болеть и станут слабыми. **Jüz** лицо balıqta ulušta ne jüz tutur toñıaj meñ с каким лицом я буду ходить в городах и селениях? **Jüz** I 1 плавать: er suvda jüzdi мужчина плавал в воде. **Jüz** I 1 сдирать, стаскивать, toqum jüzür qubruqta bičaq sïma ободрав [шкуру] с разанного животного, не сломай ножа на хвосте» [8, 307]. Ә. Құрышжанұлының «Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря» еңбегінде бұл сөз: «йуз (یز) 1. сто; 2. лицо (یز); 3. йуз, йузгіл (یوز کل) **плавать в воде**» [2, 135]. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіш тілінде де үш түрлі мағынасы сақталынған. Ескерткіштегі «بسم الله الرحمن الرحيم - Бисмиллахи рахмани рахим... جوز مين شوکور» Жүз мың шүкір ве байансыз хамд ве ана [12, ] деп басталатын мәтіннің алғашқы сөйлемінде *жүз* сөзі 1) сандық мағынада кездеседі. Кейінен 2) «حصان» аттың жүзі сындық мағынада, 3) «منة» жүз етістік тұлғасында кездеседі. Ал қазіргі қазақ тілінде мағынасы кеңейген. Мысалы, «Жүз. I. Адамның бет-әлпеті, өңі; II Пышақ, ұстара, қылыш сияқты заттардың өткір жүзі; III Қазақ халқының жер аумағын үш аймаққа бөліп айтумен байланысты қалыптасқан саяси-

экономикалық термин; ұлыстық одақ. (Ұлы – орта -, кіші -). IV Тоқсан тоғыздан кейінгі сан. V Суда малту, жылжу, қозғалу» [14, 253].

«سوز» сөз, бұл сөз көне түркі жазба ескерткіштері тілінде де кездеседі. «Söz слово, речь; sözüңdin özüңgä öküñč kelmäsün пусть не будет у тебя раскаяния из-за твоих слов... [8, 542]. М. Қашқари «Диуани лугат ат-түрік» сөздігінде «Söz سۆز» деп жазылған [10,177]. Ә. Құрышжанұлының «Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря» еңбегінде «Сөзле, сөзлегіл (سوزلا كل) говорить, сказать» деп берілген [5, 190]. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөздің мағынасы кеңейген. «Сөз 1. Белгілі бір мағынаға ие, заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін тілдің негізгі единицасы. 2. Бір нәрсе жайында айтылатын әңгіме. 3. Жиналыста көпшілікке қарата айтылатын пікір, мәлімдеме. 4. Әнге арналған өлең мәтіні. [11, 580]. Сондай-ақ *сөз табы, сөз төркіні, сөз болды, сөзге келді, сөзге қалды, сөзге құлақ қойды, сөзге жеңістік бермеді, сөзді жүндей сабады, сөздің қысқасы, сөздің майын тамызды, сөз қонбады, сөз салды, сөз саптады, сөз тізгінін берді, сөз ұстар, сөз шығарды, сөзі аяқ асты болды, сөзі бір жерден шықты, сөзі дуалы, сөзі мірдің оғындай, сөзінде тұрды, сөзін жерге тастамады, сөзінің жаны бар* деген тіркестер қалыптасқан.

Мұндай лексикалық элементтер түркі тілдеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, сондай-ақ түркі халықтарының тарихы мен мәдениетінің сабақтастығын зерттеу үшін маңызды тілдік деректер болып табылады.

Әрбір тілдің лексикасы сол халықтың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениеті туралы маңызды әрі сенімді мәлімет көзі болып табылады. Халықтың тілі оның танымдық қызметі мен дүниені тануы негізінде қалыптасады [13]. Демек, белгілі бір халықтың өмірі туралы түсінік алу үшін оның сөздік қорына назар аударамыз.

Түркі тілі бір буынды болып көрінеді. Сонымен қатар, оны бай сөздік қоры мен жетілген грамматикалық құрылымы бар дамыған тіл деп айтуға болады. Бұл көне түркі жазба ескерткіштеріндегі бейнелерді бейнелеудегі тілдік икемділігімен, өткір ұқсастықтармен, сөздердің көп мағыналылығымен, мағынаны дәл жеткізетін тілдік тәсілдердің орынды қолданылуымен ерекшеленеді [15].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу барысында «Байрату’л-Вазих» жазба ескерткішінде кездесетін жалпытүркілік лексиканың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы мен байланысы қарастырылып, олардың лексика-семантикалық ұқсастықтары ашылды. Ескерткіш лексикасы мен қазіргі қазақ тілі лексикасының ұқсастықтары тарихи-салыстырмалы зерттеу арқылы саралана келе, ғасырлар қонауындағы тілдің тарихи даму барысы айқындалды. Түркі тілдерінің ортақ лексикалық қорының сақталғандығы, жазба ескерткіш тілінің қазақ тіліне жақындығы нақты тілдік деректермен дәлелденді. «Ат» (ат), «ауақ» (аяқ), «үйз» (жүз), «söz» (сөз) т.б. сияқты сөздер арқылы түркі тілдерінің тарихи-генетикалық сабақтастығын көруге болады.

Жалпытүркілік сөздер – түркі тектес тілдердің барлығына ортақ сөздердің тобы. Түркі тілдеріне ортақ сөздердің сөз құрамындағы фонетикалық айырмашылықтар болғанымен, олардың негізгі мағынасы өзгермеген. Олай болса, жалпытүркілік сөздер ғасырлар бойы сабақтасып келе жатқан түркі тілдерінің негізгі сөздік қоры. Ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер тілі қазақ әдеби тілінің қалыптасуының бастауы.

«Байтарту’л-Вазих» жазба ескерткіші түркі тілдерінің тарихи дамуын зерттеуде маңызды ақпарат беретін ескерткіш. Бұл ескерткіште кездесетін жалпытүркілік лексика түбі бір түркі тілдерінің ортақ негізін көрсетеді. Ескерткіштің тілінде сақталған жалпытүркілік сөздер мен олардың қазіргі түркі тілдеріндегі өзгерістері тілдің эволюциялық даму жолын айқындайды.

«Байтарту’л-Вазих» жазба ескерткіші – мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған мол тілдік деректерді қамтитын құнды ескерткіштердің бірі. Бұл ескерткіш түркі әлемінің ортағасырдағы мәдениеті мен тарихын зерттеуде маңызды орын алады. «Байтарту’л-Вазих» жазба

ескерткішінде қыпшақ тілінің ортағасырлық даму кезеңдеріне қатысты көптеген маңызды деректер кездеседі. «Байтарту'л-Вазих» жазба ескерткішіндегі жалпытүркілік лексика түркі тілдерінің даму тарихының қабаттарын ашуда өзіндік септігін тигізеді. Бұл ескерткіштегі сөздер мен сөз тіркестері түркі халықтарының ортақ мәдени және тілдік мұрасын ашып, олардың тарихи байланыстарын дәлелдейді. Жазба ескерткіште кездесетін ортақ лексика түркі тілдерінің көне дәуірінен бүгінге дейін жеткен терең әрі бай тарихи даму үрдісінің дәлелі.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. *Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі*. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1977. – 272 б.
- 2 Құрышжанов Ә. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIIIв. “Тюркско-арабского словаря”. – Алматы, 1970. – 234 с.
- 3 Bodroglieiti A. The Medical Terminology in the Kitāb baytarat al-vāzih, a Fourteenth Century Mamluk-Kipchak Treatise on Veterinary Medicine. *Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi*. №21 (31 Aralık). – 1973. – Pp. 115-125.
- 4 Салқынбай А.Б. Генетика-семантикалық кодты негіздеуші этимон түбірлер // *Түркология*. – 2018. - № 1 (87). – 35-55 бб.
- 5 Салқынбай А.Түркі тілдеріндегі генетика-семантикалық код//*Altay Communities Language and Literature*.İstanbul, 2017. – 137-155 бб.
- 6 Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтасығы (XIV жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 316 б.
- 7 Сабыр М. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы. – Алматы: «Liber» баспасы, 2021. – 464 б.
- 8 Açar M. E. Baytaratu'l-vazih. – İstanbul: Marmara Üniversitesi, 1986. – 400 p.
- 9 Öztöpcü K. Kısa Memlûk Kıpçakçası Grameri" [A Short Mamluk-Kipchak Grammar] in *Türk Dilleri Araştırmaları* 17. – 2007. – Pp. 249-282. (Festschrift in Honor of Andras J. E. Bodroglieiti) Ed. Kurtuluş Öztöpcü.
- 10 Древнетюркский словарь. – Астана: «Ғылым баспасы», 2016. – 760 с.
- 11 Махмұт Қашқари. Түркі тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ат-түрік). 3 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: ХАНТ 1 Том. – 590 б.
- 12 Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: «Драйк-Прес» баспасы, 1999. – 776 б.
- 13 Özgür C. Baytaratü'l-Vâzih'in Kıpçak ve Türkmençe Yazmalarına Göre Kıpçakçanın Oğuzcalaşması: Türkmençeleşmesi üzerine Bir Dil Araştırması. – İstanbul Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Basılmamış Doktora Tezi, 1994. – 111 б.
- 14 Serkebayeva G., Boranbaev S. Binary oppositions as a method of conceptualization: A case of codex cumanicus //*International Journal of Society, Culture & Language*. – 2023. – T. 11. – №. 3. – С. 159-170.
- 15 Molgazhdarov K.K., Ziadauly B. (2023) The Origin And Meaning Of Old Turkic Words, *Вестник Кокшетауского Университета им. Ш.Уалиханова. Серия филологическая*, 2023. – № 4. – Көкшетау, Қазақстан, DOI: <https://doi.org/10.59102/Kufil/2023/Iss4pp28-38>

Материал 11.06.2025 баспаға түсті

## **Общетюркская лексика в языке письменного памятника «Байтарту'л-вазих» и её связь с современным казахским языком**

К.А. Батырбекова<sup>1</sup>, С.Р. Боранбаев<sup>1</sup>, М.Е. Алимбаев<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, 160011, Казахстан

*В данной статье анализируется общетюркская лексика в письменном памятнике «Байтарту'л-Вазих». Общетюркская лексика – основной словарный запас тюркского языка, группа слов, общая для всех тюркских народов. Исследование общетюркской лексики*

*помогает выявить родственные связи между тюркскими языками и их общее происхождение.*

*Общетюркская лексика обнаруженная в письменном памятнике, дает ценные сведения для изучения общей основы тюркских языков, сходства и различия их языковых структур. Выявление общетюркской лексики в письменном памятнике «Байтартул-Вазих» и определение ее преемственности с современным казахским языком является одной из наиболее актуальных проблем для науки тюркологии. Анализ общетюркской лексики в памятнике «Байтартул-Вазих» позволяет определить генетические корни языков современной кыпчакской группы, глубже понять особенности мамлюкско-кыпчакского языка и исследовать историческое и культурное наследие с новой точки зрения. Цель исследования заключается в выявлении общетюркской лексики рукописи «Байтарту'л-Вазих» и в установлении генетической связи тюркских языков. В статье также ставится цель определить взаимосвязь между средневековым мамлюкско-кыпчакским языком и современным казахским языком.*

*Статья способствует углублению языковых исследований в области тюркологии и вносит вклад в понимание языкового наследия средневековых тюркских письменных памятников. В ходе исследования языка письменного памятника «Байтарту'л-Вазих» были проанализированы такие элементы общетюркской лексики как ат, жүз, сөз, аяқ и.т.д. Близость письменного памятника к казахскому языку доказаны лингвистическими данными, а также определены лексико-семантические сходства между средневековым тюркским языком и современным казахским языком.*

*Ключевые слова: Байтарту'л-Вазих, тюркские языки, лексика, семантика, общетюркская лексика, средние века, мамлюкско-кыпчакский язык.*

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Айдаров Г., Курышжанов А., Томанов М. Язык древних тюркских письменных памятников. – Алматы: «Мектеп», 1977. – 272 б.
- 2 Курышжанов А. Исследование по лексике старокипчакского письменного памятника XIIIв. “Тюркско-арабского словаря”. – Алматы, 1970. – 234 с.
- 3 Bodroglıeti A. The Medical Terminology in the Kitāb baytarat al-vāzih, a Fourteenth Century Mamluk-Kipchak Treatise on Veterinary Medicine. Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi. – 1973, №21 (31 Aralık). – Pp.115-125.
- 4 Салкынбай, А. Б. Генетико-этимонские корни, лежащие в основе семантического кода // Түркология. – 2018. – № 1 (87). – 35-55 бб.
- 5 Салкынбай А. Генетика-семантический код в тюркских языках //Altay Communities Language and Literature.İstanbul, 2017. – 137-155-66.
- 6 Сабыр М. Преемственность лексики среднетюркского языка и лексики казахского языка (XIV жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 316 б.
- 7 Сабыр М. Фоно-морфо-семантическая преемственность древнекипчакского языка и казахского языка. – Алматы: изд.«Liber», 2021. – 464 б.
- 8 Ağar M. E. Baytaratü'l-vazih. – İstanbul: Marmara Üniversitesi, 1986. – 400 p.
- 9 Öztöpcü K. Kısa Memlûk Kıpçakçası Grameri" [A Short Mamluk-Kipchak Grammar] in Türk Dilleri Araştırmaları 17. – 2007. – Pp. 249-282. (Festschrift in Honor of Andras J. E. Bodroglıeti) Ed. Kurtuluş Öztöpcü.
- 10 Древнетюркский словарь. – Астана: изд.«Ғылым», 2016. – 760 с.
- 11 Махмуд Кашкари. Словарь тюркских языков: (Дивани лугат-ат-тюрк). 3 томный сборник произведений. – Алматы: ХАНТ 1 Том. – 590 б.
- 12 Словарь казахского языка. – Алматы: «Драйк-Прес», 1999. – 776 б.
- 13 Özgür C. Baytaratü'l-Vâzih'in Kıpçak ve Türkmençe Yazmalarına Göre Kıpçakçanın Oyuzcalaşması: Türkmençeleşmesi üzerine Bir Dil Araştırması. – İstanbul Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Basılmamış Doktora Tezi, 1994. – 111 б.

14 Serkebayeva G., Boranbaev S. Binary oppositions as a method of conceptualization: A case of codex cumanicus //International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – Т. 11. – №. 3. – С. 159-170.

15 Molgazhdarov K.K., Ziadauly B. (2023) The Origin And Meaning Of Old Turkic Words, Вестник Кокшетауского Университета им. Ш.Уалиханова. Серия филологическая, 2023. – № 4. – Көкшетау, Қазақстан, DOI: <https://doi.org/10.59102/Kufil/2023/Iss4pp28-38>

Материал поступил в редакцию журнала 11.06.2025

### **Common Turkic lexicon in the language of the written monument "Baytartul-vazikh" and its connection with modern kazakh**

K. Batyrbekova<sup>1</sup>, S. Boranbaev<sup>1</sup>, M. Alimbaev<sup>1</sup>

<sup>1</sup>M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, 160011, Kazakhstan

*This article analyzes the common Turkic vocabulary found in the historical manuscript Baytartul-Vazikh. Common Turkic vocabulary represents the core lexical layer shared by all Turkic languages and serves as an essential basis for understanding their genetic relationships and common origins. The study of this vocabulary allows scholars to trace linguistic connections among Turkic languages and uncover historical links between various Turkic-speaking peoples.*

*Baytartul-Vazikh is a significant written monument that provides insights into the life and language of the Mamluk-Kipchaks. The presence of common Turkic vocabulary in the manuscript offers valuable material for investigating the linguistic foundations, structural similarities, and divergences among Turkic languages. One of the central aims of the research is to identify elements of common Turkic vocabulary within Baytartul-Vazikh and to explore their continuity with the modern Kazakh language—an issue of particular relevance in contemporary Turkological studies.*

*Through detailed linguistic analysis, the article sheds light on the genetic roots of modern Kipchak languages, reveals characteristic features of the Mamluk-Kipchak language, and contributes to a deeper understanding of the historical and cultural heritage of Turkic peoples. Examples of common Turkic lexemes such as at, jüz, söz, and ayak are examined to illustrate continuity and transformation. The findings demonstrate a close linguistic affinity between the language of the manuscript and modern Kazakh, as evidenced by lexical, phonetic, and semantic parallels.*

*This research enhances the field of Turkology by contributing to the study of medieval Turkic written monuments and enriching the understanding of the linguistic and cultural continuity among Turkic languages.*

*Key words: Baytartul-Vazikh, Turkic languages, vocabulary, semantics, common Turkic vocabulary, medieval period, Mamluk-Kipchak language.*

### REFERENCES

- 1 Aidarov G., Kuryshzhanov A., Tomanov M. YAzyk drevnih tyurkskih pis'mennyh pamyatnikov. – Almaty: «Mektep», 1977. – 272 b.
- 2 Kuryshzhanov A. Issledovanie po leksike starokypchakskogo pis'mennogo pamyatnika XIIIv. "Tyurksko-arabskogo slovary". – Almaty, 1970. – 234 s.
- 3 Bodroglieiti A. (1973). The Medical Terminology in the Kitāb baytarat al-vāzih, a Fourteenth Century Mamluk-Kipchak Treatise on Veterinary Medicine. Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi. №21 (31 Aralık). s.115-125.
- 4 Salkynbaj, A. B. Genetiko-etimonskie korni, lezhashchie v osnove semanticheskogo koda // Tyrkologiya. – 2018. - № 1 (87). - 35-55 b.
- 5 Salkynbaj A. Genetika-semanticheskij kod v tyurkskih yazykah //Altay Communities Language and Literature.İstanbul, 2017. – 137-155-bb
- 6 Sabyr M. Preemstvennost' leksiki srednetyurkskogo yazyka i leksiki kazahskogo yazyka (HIV zhazba eskertkishteri negizinde). – Almaty: Qazaq universiteti, 2004. – 316 b.

- 7 Sabyr M. Fono-morfo-semanticeskaya preemstvennost' drevnekipchakskogo yazyka i kazahskogo yazyka. – Almaty: izd.«Liber», 2021. – 464 b.
- 8 Açar M. E. Baytaratu'l-vazih. – İstanbul: Marmara Üniversitesi, 1986, – 400
- 9 Öztöpcü K. Kısa Memlük Kıpçakçası Grameri" [A Short Mamluk-Kipchak Grammar] in Türk Dilleri Araştırmaları 17 (2007), 249-282. (Festschrift in Honor of Andras J. E. Bodrogligeti) Ed. Kurtuluş Öztöpcü.
- 10 Drevnetyurkskiy slovar'. – Astana: izd.«Fylym», 2016. – 760 s.
- 11 Mahmyt Qashqari. Slovar' tyurksih yazykov: (Divani lugat-at-tyurk). 3 tomnyj sbornik proizvedenij. – Almaty: HANT 1 Tom. – 590 b.
- 12 Slovar' kazahskogo yazyka. – Almaty: «Drajk-Pres», 1999. – 776 b.
- 13 Özgür C. Baytaratü'l-Vâzih'in Kıpçak ve Türkmençe Yazmalarına Göre Kıpçakçanın Oyuzcalaşması: Türkmençeleşmesi üzerine Bir Dil Araştırması. – İstanbul Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Basılmamış Doktora Tezi, 1994. – 111 b.
- 14 Serkebayeva G., Boranbaev S. Binary oppositions as a method of conceptualization: A case of codex cumanicus //International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – T. 11. – №. 3. – S. 159-170.
- 15 Molgazhdarov K.K., Ziadauly B. (2023) The Origin And Meaning Of Old Turkic Words, Vestnik Kokshetauskogo Universiteta im. SH.Ualihanova. Seriya filologicheskaya № 4 (2023), Kokshetau, Qazaqstan. DOI: <https://doi.org/10.59102/Kufil/2023/Iss4pp28-38>

Received: 11.06..2025

FTAMP 16.21.43

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss3pp34-45](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp34-45)

**Б.Е. Боранбай<sup>1</sup>, Н.Х. Ахтаева<sup>2</sup>, И.Б. Байсыдық<sup>3</sup>, Б. Молдағали<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Қорқыт ата университеті, Қызылорда, 120014, Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Марғұлан университеті, Павлодар, 140012, Қазақстан Республикасы

<sup>3</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы, 050010, Қазақстан Республикасы

### **СИНТАКСИСТІҢ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТІ: САБАҚТАСТЫҚ ПЕН ҚАЗІРГІ БАҒЫТ (ОРАМДЫ СӨЙЛЕМ НЕГІЗДЕМЕСІМЕН)**

*Мақала қазіргі қазақ тіліндегі күрделі құрылымды сөйлемнің теориялық аспектісін жинақтайды. Мақсат – ғылыми пікір-пайымдауларға сүйене келіп, осы бағытта оң және соны көзқарас қалыптастыру. Зерттеу методологиясы да әлемдік және отандық ғылыми тұжырымдарға сүйеніледі. Мақала нәтижесінде орамды сөйлемнің негізгі түрлері туралы қағидат қалыптасады. Бұл тақырып қазақ тіліндегі синтаксистік парадигманың құзіретін тереңдетеді. Жеке сыңарлар байланысындағы ұсынымдар, мағыналық топтастырудағы жаңа көзқарас пен құрамдық-құрылымдық белгілерді сараптау өлшемдері негізделеді. Талдау-жинақтау барысында алынған нәтижелер қазіргі танымдағы күрделі құрылымды сөйлемдерге практикалық тұрғыдан басқаша қарауға әкеледі.*

*Зерттеудің әдіснамасы ретінде талдау, жинақтау және салыстырмалы сипаттау тәсілдері қолданылды. Нәтижесінде орамды сөйлемдердің негізгі типтері айқындалып, олардың мағыналық топтастырылуы мен ішкі құрылымдық белгілері негізделеді. Сонымен қатар аралас сөйлемдердің ерекшелігі мен мәтін деңгейіндегі синтаксистік байланыстар жүйесі жаңа қырынан зерделенді.*

*Зерттеу қорытындылары синтаксистік парадигма аясында күрделі құрылымды сөйлемдерге тың көзқарас қалыптастырады. Жұмыстың құндылығы – қазақ тіліндегі*